

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 және 2006 жылғы 10 мамырдағы N 377 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 қарашадағы N 1124 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 49, 564-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"Көлік дәліздерді және транзиттік бағыттарды институционалды күшейту мен дамыту" деген 1-кіші бөлімде:

"Халықаралық деңгейде (БҰҰ құрылымдары, халықаралық өңірлік және көлік ұйымдары арқылы):" деген 1.1-тарауда:

реттік нөмірі 1.1.2.6-жол алынып тасталсын;

2) (күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 N 1006 Қаулысымен).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі